

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

- 1) Cf. Galtung: Conflict Theory - Conflict Formation (2007) [Electronic resource] – URL: https://deru.abcdef.wiki/wiki/Johan_Galtungs_Konflikttheorie
- 2) Lynch, J., McGoldrick A. Peace journalism. Stroud: Hawthorne (2005) [Electronic resource] – URL: https://www.transcend.org/tri/downloads/McGoldrick_Lynch_Peace-Journalism.pdf
- 3) Якова Т. С. «Мирная журналистика» в противодействии терроризму // Медиаскоп. 2018. Вып. 3. [Электронный ресурс] – URL: <http://www.mediascope.ru/2477>
- 4) Якова Т. С. Массмедиа и конфликты современного мира // Медиаскоп 2018. Вып. 4. [Электронный ресурс] – URL: <http://www.mediascope.ru/2488/>

ӘОЖ 070.11

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Құттыбай Жанель Құттыбайқызы
zhanel@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің
4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Ш.Әшірбекова

«Журналистік зерттеу» ұғымы тәжірибеде соңғы уақытта пайда болды. Журналистік зерттеудің тарихы әлемге әйгілі жазушылар Эмиль Золя, Марк Твеннің есімдерімен тығыз байланысты. 1970 жылдары Уотергейт қаласында орын алған ірі оқиға, Ричард Никсонның президент ретінде өз еркімен демалысқа кетуіне әкелген іс журналистік зерттеудің негізін қалады [1. 28]. Бүгінде журналистік зерттеу репортаж, эссе, шолу сияқты бірқатар жанрларда кеңінен қолданылады. Журналистік зерттеудің өзіне тән ерекшеліктері бар. Қазір бұқаралық ақпарат құралдарында ашылмаған әңгімелердің, құпия құжаттарды алудың, ашық пікірталастардың нәтижесінде зерттеу жүргізіледі. Отандық ғалымдар К.Қамзин, С.Медеубекұлы журналистік зерттеуді айғақтама деп те атап жүр. Журналистік зерттеу – бұл қоғамдық мәселелер, сыбайлас жемқорлық, заң бұзушылық, қызмет бабын теріс пайдалану немесе қандай да бір себептермен құпия болып табылатын ақпаратты зерттеу, талдау әдісі.

Осы орайда журналистік зерттеу әдістерін тәжірибеде қолданудың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталғанды жөн санаймыз. Журналистік зерттеуді тілші белгілі бір жоспарға сәйкес жұмыс істеген кезде ғана сәтті жүргізе алады [2. 135]. Яғни, журналистік зерттеуді бастамас бұрын оны жүргізудің нақты жоспары болуы керек. Журналистік зерттеу жүргізу үшін тақырыпты таңдау өте маңызды. Журналист заңның қай жерде бұзылатынын, биліктің қай жерде теріс пайдаланылатынын білуі керек.

Ресейлік ғалымдар журналистік зерттеуді жеке жанр ретінде қарастырса, отандық ғалымдар журналистік зерттеуді болмыс, құбылысты зерттеу әдісі ретінде таниды. А.Д.Константиновтың [1. 23] журналистік зерттеу тәжірибесіне қатысты жазылған еңбегінде оның жанр, оқиғаны талдау әдісіндегі ерекшеліктері айқын көрсетілген. Журналистика теориясын қарастырған көптеген ғалымдардың арасында әлі күнге дейін оны жанр немесе әдіс ретінде тануға байланысты пікірталас толастамай келеді. Отандық жанр теориясын зерттеушілер К.Қамзиннің, Б.Сердәлі, М.Шыңдалиеваның пікірінше журналистік зерттеу оқиғаны талдау әдісі ретінде БАҚ-та көрініс табады.

Осы орайда журналистік зерттеуге байланысты ғалымдар кеңесіне тоқтала кетсек, егер сіз оқырманы жоқ тақырыпты зерттегіңіз келсе, бұл тақырыпқа уақытыңызды жұмсамаңыз. Мұндай тақырыптарды айналып өткен дұрыс. Журналист кез келген салада зерттеу жүргізе алады, бірақ ол зерттеу объектісі міндетті түрде заңды бұзу, сыбайлас жемқорлық немесе

қылмыстың басқа түрін алуы керек екенін ұмытпауы керек[3. 78]. Қазіргі таңда әлеуметтік мәселе күн тәртібіндегі ең өзекті тақырыптың бірі. Атап айтқанда әлеуметтік мәселелердің маңыздыларына тұрғын үй мәселесін айтуға болады. Тұрғын үйге қатысты сатып алу, банктердің ипотека бағдарламалары, қызметтік тұрғын үй алу, сатып алумен жалға алынған пәтерді алу, мемлекеттік бағдарлама бойынша баспана алу немесе әкімдіктен азаматтардың жекелеген топтары үшін баспана алу және т.б.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда тұрғын үй қоры 387,7 млн шаршы метрге жетті - өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,9% -ға артық (373,3 млн шаршы метр). м). Бес жыл ішінде өсім 13,2% құрады.

БҰҰ халықаралық стандарттарына сәйкес, бір адамға шаққанда тұрғын үйдің жалпы алаңының нормасы 30 шаршы метрді құрайды. Қазақстанда тұрғын үймен қамтамасыз етудің қазіргі деңгейі жан басына шаққанда 23,2 шаршы метрді құрайды, бұл ретте ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш бар болғаны 19,8 шаршы метрді құрайды. Жыл сайынғы өсімге қарамастан, тұрғын үймен қамтамасыз ету халықаралық стандарттардан айтарлықтай артта қалып отыр және айтарлықтай төмен деңгейде қалып отыр.

Осылайша, жылдар бойы қабылданған барлық шараларға қарамастан, Қазақстанда тұрғын үйдің қолжетімділігі төмен деңгейде. Осы тақырып бойынша «Егемен Қазақстан» газетінде «Баспанамен қамту - басты мәселе»[4] атты журналист Өнуар Жұмашбаев зерттеу мақаласын жазды. Онда қазіргі уақытта жалға берілетін тұрғын үйді көп балалы отбасыларға, халықтың әлеуметтік осал топтарына және жұмыс істейтін жастарға белгіленген тәртіппен кезек арқылы беру көзделуде, - дейді. Журналист тұрғын үй мәселесіне қатысты мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы барысына, бағдарламалардың маңызына тоқталады.

Келесі әлеуметтік мәселелердің бірі – ажырасу. «Inform.kz» сайтында жарық көрген мақалада ажырасу себептері мен оған қатысты статистикалық мәліметтер талданады. Онда жақында елордада таныстырылған «Қазақстандық отбасылар-2022» Ұлттық баяндамасында осындай бірқатар мәселелер қамтылды. Жоба ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша әзірленгені жеткізілген. Баяндамада отбасы саясаты саласындағы ахуалға талдау жүргізілді, отбасыларды мемлекеттік-әлеуметтік қолдау, отбасындағы қарым-қатынастар мен ата-аналардың әлеуеті, отбасын қолдау орталықтарының қызметі зерттелді. Ұлттық баяндамаға сәйкес, ел бойынша тіркелген неке санының ең жоғары көрсеткіші 2017 жылы байқалды. Ал ең төменгі көрсеткіш 2020 жылы тіркелді. Бұл жағдайда халықтың неке деңгейінің 7,6%-ға төмендеуіне мемлекеттік қызметтерді көрсетудің баяулауы және үйлену тойларын өткізуге шектеулер сияқты факторлар әсер еткені анықталды. Баяндамаға сәйкес, Қазақстанда туудың төмендеуіне әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдай әсер етуі мүмкін. Егер ауылдық жерлер туралы айтатын болсақ, онда негізінен экономикалық фактор басым болатыны белгілі. Өйткені қалалар мен ауылдардың дамуында айтарлықтай айырмашылық бар.

2021 жылы неке саны бойынша төрт аймақ орташа республикалық көрсеткіштен жоғары мән көрсетті. Бұл Астана және Алматы қалалары, Атырау және Маңғыстау облыстары. Өткен жылы 2021 жылмен салыстырғанда некеге тұрғандар саны 8,4%-ға төмендеді. Елде «азаматтық» некеде тұрған адамдардың сана-сезімінің жай-күйі туралы сенімді деректер жоқ. Мұндай статистика тіпті халық санағы кезінде де жүргізілмейді. Бұл жағдайда демографтар тіркелген некеден туған мың баланың үлесі сияқты жанама құжатты пайдаланады.

Қазақстандық қоғамдық даму институтының сарапшылары жүргізген зерттеуге Қазақстанның 17 өңірінен 1200 адам қатысты. Орташа алғанда, барлық жастардың шамамен 25% оң жауап береді, 30% - дан астамы азаматтық некеге бейтарап қарайды. Мамандардың айтуынша, бұл әрбір бесінші неке Қазақстанда тіркеле алмайтынын білдіреді. «Қазақстандық отбасылар – 2022» ұлттық баяндамасына сәйкес, ажырасқан жұптарды 2000 жылдардың басынан бастап талдай отырып, олардың негізінен 5 жылдан 9 жылға дейін бірге өмір сүргені анықталды. Дәл осы кезеңде ажырасқандардың үлесі басым болады.

Ал 2021 жылғы мәліметтер бойынша, ерлі-зайыптылардың 29,2% - ы 1-4 жыл бірге тұрды, ал 5-9 жыл бірге тұратындар 26,3% құрады. Қазақстанда 520 986 жалғызбасты ата-ана бар. Қазіргі уақытта отбасының ыдырауы қазіргі қоғамның өзекті мәселесіне айналып отыр. Аталмыш мәселенің әлемдік деңгейдегі маңызын түсінеміз. Жалпы бүкіл әлемде толық емес отбасылардың көбеюі байқалады. Мысалы, Америка халқының төрттен бірі толық емес отбасыларда тұрады. Толық отбасында тәрбиеленген бала мен толық емес отбасында тәрбиеленген бала өмір сүру тұрғысынан айтарлықтай айырмашылыққа ие болады. Біріншіден, бұл жалғызбасты ата-аналардың жұмыспен қамтылуына, балаларына құнды тәрбие бере алмауына, материалдық қиындықтарға байланысты. Жалғызбасты ата-ананың бала тәрбиелеуде егер ол жақсы жағдайда болса да, оңай емес, өйткені ата-анасының біреуінің болмауы баланы жынысының мінез-құлық стереотипін толығымен қалыптастыру мүмкіндігінен айырады. Психиатрияда «әкесі/анасы болмаған кезде» термині де бар. Осылайша әкесі жоқ ер бала ер адамға тән мінез-құлық ерекшеліктерінен үлгі алу мүмкіндігімен шектеледі, ол еріксіз әйел мінезінен үлгі алады. Бұл жағдайда қыз үшін де, ана үшін де ана мен әкенің рөлін біріктіру керек.

Қоғамдағы отбасы құндылығына қатысты жазылған проблемалық мақалада зерттеудің құжаттармен жұмыс, деректерді сұрыптау әдістері қолданылған. Ұлттық баяндамада келтірілген деректерді талдай отырып, автор мәселені талқыла барысында оның салдарына ерекше мән берген. Яғни бір мәселенің салдарынан екінші әлеуметтік мәселенің туындағанын байқаймыз. Жалғызбасты ана тәрбиелеген баланың түрлі психологиялық ауытқуға ұшырайтынын айта отырып, қоғамдағы екінші бір мәселенің маңызды екендігін еске салады. Жынысын ауыстырғысы келетіндер мен бағыт-бағдарын айқындай алмай жүрген жастар журналистік зерттеуге сұранып тұрған тақырыптың бірі деп едік.

Келесі әлеуметтік мәселе – «пирамидаға» алдану. Осы тұрғыда «Егемен Қазақстан» газетінде Арнұр Асқардың «Пирамидаға алдану» [5] соқыр сенімнің нәтижесі деген сараптамалық зерттеуі жарияланған. Онда жыл басынан бері ішкі істер органдары қаржы пирамидаларын ұйымдастыру және құру бойынша 217 қылмыстық істі тергеп, сотқа 116 іс жіберді. Бұл туралы Министрліктің Тергеу департаментінің бастығы Санжар Әділов мәлімдеген.

Онлайн брифингте атап өтілгендей, қазіргі уақытта 79 күдікті жауапқа тартылуда. Тергеу департаменті әртүрлі қаржы пирамидаларына қатысты 13 қылмыстық істі зерттеп жатыр. «Гарант 24 Ломбард», «ESTATE ломбард» және «тиімді қарыз» компанияларына қатысты жәбірленушілерден 17 мыңнан астам шағым түсті. Олардың 22 млрд. теңгеден астам сомаға материалдық шығын келтіргені анықталды. Осы ұйымдардың басшыларына қатысты 32 қылмыстық іс тіркелді, 51 күдікті қылмыстық жауапкершілікке тартылды, 7 күдікті іздестірілді, – деді С.Әділов.

Қаржы пирамидалары туралы қылмыстық істерді тергеу шеңберінде күдіктілерді Қазақстаннан тыс жерде ұстау бойынша іс-шаралар жүргізілуде. Жақында Ұлттық ұланның арнайы борты елге Молдова, Ресей және Қырғызстаннан үш күдіктіні әкелді. Олар қазір тергеуде. Үш күдіктіден құқық қорғау органдары 70 млн теңгеден астам қаражат тәркіледі.

Сондай-ақ, Qnet компаниясының өкілдеріне қатысты «қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және басқару» бабы бойынша 20 қылмыстық іс тергеліп жатқаны атап өтілді. Бұл компанияның бас кеңсесі Малайзияда орналасқан. Әр түрлі зергерлік бұйымдарды сату арқылы адамдарды желілік маркетингке тартады. Бастапқы жарна 30 доллардан басталады. Қазіргі уақытта Qnet-ке алданған азаматтардан 211 шағым түсті. Материалдық шығын мөлшері 160 млн теңгені құрады. Республика бойынша 29 қылмыстық іс тергелуде. Қазір жедел-тергеу шаралары жүргізілуде. Малайзияға халықаралық тергеу тапсырмасы жіберілді.

С.Әділов кооператив құру арқылы тұрғын үй салуды жүзеге асырған кейбір компанияларға қатысты да қылмыстық іс қозғалғанын хабарлады. Мәселен, EXPO New Life тұрғын үй кешені үлескерлерінің өтініші бойынша елордада «Шан Хи Груп» ЖШС басшылары тергеуде. Осы қылмыстық іс бойынша тергеу департаменті екі эпизодты тіркеді,

салымшылар келтірген залал көлемі 2 млрд теңгеден асады. Сондай-ақ, Маңғыстау облысында «Махаббат» тұрғын үй кешенінің құрылысына байланысты қылмыстық іс қозғалды. Мұнда 21 жәбірленуші - үлескер, залал 252 млн теңгеден асты.

- Тергеу тәжірибесі көрсеткендей, қаржы пирамидалары-тез байып кеткісі келетін азаматтарымыздың соқыр сенімінің нәтижесі, үлкен табыс уәде ететін агрессивті жарнамаға қарсы тұра алмайды. Біз бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қаржы пирамидаларына қатысты қылмыстық істер бойынша халыққа түсіндіру жұмыстарын үнемі жүргізіп отырамыз, бірақ бұл жеткіліксіз. Мұндай ауқымды жұмысты мүдделі мемлекеттік органдар – Ұлттық банк, Қаржы министрлігі, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі де жүргізуде, – деді тиісті департамент басшысы. Экономист Мақсат Халымның айтуынша, қаржылық сауаттылық курстары мектепте оқытылуы керек.

Бастауыш мектепте «Қаржы әліпбиі» пәні енгізілуі тиіс. Гарвард университетінің ғалымдарының зерттеулеріне сәйкес, 7 жастан асқан балалар қаржы туралы толық біле алады. Сондықтан 3-4 сыныптан бастап сабақ берген дұрыс. Менің ойымша, жоғары сыныпқа ауысқан кезде «Экономикаға кіріспе», «Қаржылық сауаттылық», «Кәсіпкерлік негіздері» сияқты пәндерден өткен дұрыс. Егер біз балаларды осылай тәрбиелейтін болсақ, онда ертең қаржылық алаяқтардың соңынан ермейтін және өз құқықтарын жақсы білетін азаматтар өседі», - деп түйіндеді экономист Мақсат Халық.

Қорытындылай келе, әлеуметтік мәселелерге арналған журналистік зерттеудің басты алға қойған міндеті - әлеуметтік мәселені жан-жақты ашып, шешу жолын қарастыру. Әр тараптан пікір алып, оны сараптап, зерттеу жүргізу. Қазіргі таңда барлық бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік мәселелерге көптеген тақырыптар қозғалуда. Отбасы, жастар, жалпы қоғамдық өмір тынысына орай зерттеулер жасалып жатыр. Сонымен қатар осы тұрғыда әлеуметтік мәселелердің себептері де айқындалуда. Әрі журналистік зерттеудегі журналистердің тәжірибесі де шындалуда. Бұл дегеніміз журналистік зерттеудің дамуда. Алдағы уақытта отандық медиамамандар зерттеудің түрлі тәсілдерін меңгеріп, талдамалы жанрда мазмұнды мақалалар жазады деген үміттеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Марк Ли Хантер. Исследование, основанное на истории: учебное пособие по проведению журналистских расследований-, 2011, 120 б.
2. Бейнбриж Жейсон, Гок Никола, Тайнан Лиз. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. 2015. 100-105б.
3. Жұмашбаев Ә. Баспамен қамту - басты мәселе // Егемен Қазақстан газеті, 12 қазан, 2022.
4. Асқар А. «Пирамидаға» алдану – соқыр сенімнің нәтижесі // Егемен Қазақстан газеті, 18 қыркүйек, 2020.

ӘОЖ 070.1

ҚАЗАҚ ТІЛДІ САЙТ-ПОРТАЛДАРДЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Күрдебай Айкерім Асылханқызы

aikerim.kurdebai@mail.ru

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ филология факультеті,
Журналистика бөлімінің 2 курс магистранты, Қарағанды, Қазақстан
Ғылыми жетекші - К.Д.Асанов

Қазіргі уақытта кез келген ақпараттық технологияның жаппай техникалық компоненті компьютер болып табылатыны белгілі. Компьютерлік телекоммуникацияны пайдалану –